



**«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі**



Кітапхана тынысы

Библиодайджест

**Арқалық қаласы
2021 жыл**



КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ

Шығарылады
Шілде 2021 ж.
Библиодайджест №2

КММ Арқалық қаласының облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Мазмұны

- ✚ БИБЛИОГИД
- ✚ АТАУЛЫ КҮНДЕР
- ✚ МЕРЕЙТОЙЛАР
- ✚ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР
- ✚ БОЛАШАҚҚА ЖОСПАР

1 бөлім

БиблиогиД

«Домбыра – дала дауысы»



1 шілде – Ұлттық домбыра күні
Онлайн – әдебиеттер шеруі



1 шілде – Ұлттық домбыра күні болып бекітілуі қазақ елі үшін үлкен мереке! Өнер бөлімшесінде осы тақырыпта «Домбыра – дала дауысы» кітап көрмесі ұйымдастырылып, әдебиеттерге шеру жасалды.



Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және Қазақстан Республикасының 30 жылдық мерекесін бағытқа ала отырып, ұлттық құндылықтарымызды жастарға, өнер-мәдениет сүйер қауымға және оқырмандарға насихаттау.





«Дүниедегі сегізінші ғажайып, не болмаса дүние дидары жиһангездің көзімен»



Атақты жерлесіміз, инженер-құрылысшы, жиһангер, саяхатшы, меценат Сапар Ысқақовтың 80 жасқа толуына орай «Дүниедегі сегізінші ғажайып, не болмаса дүние дидары жиһангездің көзімен» атты кітапқа

виртуалды шолуды назарларыңызға ұсынамыз.



«Жыр дүлділі, күй күмбірі»

«Жыр дүлділі, күй күмбірі» Жүмекен Нәжімеденовтың «Менің Қазақстаным» кітабы бойынша буктрейлерді назарларыңызға ұсынамыз.



«Мотивациялық кітаптар бөлімде»

Бейнешолу.



Құрметті оқырмандар! Сіздердің назарларыңызға абонмент бөліміне келіп түскен мотивациялық кітаптарға бейнешолуды ұсынамыз.



Жүрегімнің жыры сенсің, Арқалық!



Сіздердің назарларыңызға Арқалық қаласының 65-жылдығына арналған көрме-саяхатты ұсынамыз.


Жүрегімнің жыры сенсің,
Арқалық!



Көрме саяхат

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан



«Ел өркендеуінің берік негіздері»

Біздің кітапханада абонемент бөлімде оқырмандарымызға арналған мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қазақстан халқына Жолдауын насихаттау мақсатында «Ел өркендеуінің берік




негіздері» атты кең көлемді тақырыптық кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазақстан президентінің Парламент пен Үкімет палаталарының бірлескен отырысында ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауында еліміздің алдағы дамуына қатысты ой тұжырымдарын айқындап көрсеткен ең маңызды тұстарын кітапханашы Карбозова Г. оқырмандарға оқып берді.

Кітап көрмесіне тақырыпқа сай ақпараттар, газет беттеріне шыққан мақалалар жинақталып қойылды. Оқырмандарға кітап көрмесі таныстырылып, шолу жасалынды.

«Тобықтың мәңгілік мұрасы».

«Тобықтың мәңгілік мұрасы» Т. Жармағанбетов

«Отамалы» әңгімесі бойынша
«Бір ел - бір кітап» акциясы
аясында сіздердің
назарларыңызға жазушы
Тобық Жармағанбетовтың
«Отамалы» әңгімесі бойынша
кітаппен сұхбатты ұсынамыз.



Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

2 бөлім

Атаулы күндер

«Ұлы дала жүрегі-Нұрсұлтан»

6-шілде Елорда күніне орай «Ұлы дала жүрегі-Нұрсұлтан» тақырыбында оқу залы бөлімінің ұйымдастырумен зияткерлік ойын өткізілді. Іс-шара барысында кітап көрмесі қойылып, келушілерге «Қисық сызық», «Сауалнама», «Әлем астанасы», «Атауын тап», «Бір тілек, бір ел», «Дүрбі» ойындары ойнатылды.

«ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ-НҰР-СҰЛТАН»

6 шілде Елорда күні



Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан


«Тәуелсіздік тарландары»



Биылғы жылы еліміздің егемендік алғанына айтулы 30 жыл толып отыр. Осы мерейтойдың аясында елімізде түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен, қыркүйек

айының 14 күні Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және «Еңбек күніне» арналған «Тәуелсіздік тарландары» атты педагогика саласының ардагері Ляззат Байтуриновна Жексембаевамен кездесу өткізілді.

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты: қоғамдағы адам еңбегінің беделін өсіру, жұмыс әулетіндегі көпжылдық дәстүрді нығайту, елбасының жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру идеясын нығайту шеңберінде ұстаз еңбегін насихаттау.



Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

Кездесуге Нәзипа Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің студенттері мен кітапхана қызметкерлері қатысты.

Ляззат Байтуриновна Жексембаева – Шығыс Қазақстан облысының тумасы, Риддер қаласынан. С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін 1978 жылы аяқтаған соң Арқалық педагогикалық институтына жолдамамен келіп, филология факультетінде 40 жылдан астам еңбек еткен.

Шара барысында ұстаздық еңбек жолындағы кезеңдері жөнінде сөз етіп, Ляззат Байтуриновна ерінбей қызмет етудің, оқу-білімнің арқасында ғана көптеген жетістіктерге жетуге болатынын баяндады. Болашақ ұстаздарды жаңа заман талабына сай жан-жақты болып, әрдайым өзін-өзі дамытып отыруға, аянбай еңбек етуге шақырды.

Ұлағатты ұстазбен өткізілген кездесу келелі әңгімеге ұласып, тағылымы мол өнеге беретін «Тәуелсіздік тарландары» кітап көрмесін тамашалаумен аяқталды.



Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

«ҚЫЗЫҚТЫ ОҚУДЫҢ ШАҒЫН СИҚЫРЛАРЫ»



Балалар әдебиеті бөлімі. Отбасы күніне арналған «ҚЫЗЫҚТЫ ОҚУДЫҢ ШАҒЫН СИҚЫРЛАРЫ» атты отбасылық оқуды назарларыңызға ұсынамыз!


«Қызықты оқудың шағын сиқырлары» - семейное чтение ко дню семьи предлагает отдел литературы для детей



Кітапха

"Конституция-ұлт мұрасы"

Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған "Конституция-ұлт мұрасы" атты ауызша журналымызды ұсынамыз.





Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы

1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады. 1995 ж. желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы — Сенат, төменгі палаталы — Мәжіліс) Парламентке сайлау өткізілді.

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

Өркендеген көркем қалам – Арқалық!

Арқалық қаласының құрылғанына – 65 жыл



Тарихы Қызылқозыдан басталған қаламыздың құрылғанына биыл 65 жыл толып отыр. Қаланың пайда болуына жерімізде боксит пен алюминий тотығының кеніші табылғаны себеп болды. Басында геологтар поселкесі болып, бірте-бірте Арқалыққа қала статусы берілген болатын.

Сүйікті қаламыздың туған күніне орай, назарларыңызға Арқалықтың кешегі мен бүгінгі келбеті бейнеленген «Өркендеген көркем қалам – Арқалық» атты фотокөрмені ұсынамыз.



Кітапхана

де-желтоқсан

3 бөлім

Мерейтойлар

"Атымтай жомарт, жиһангер"



Инженер-құрылысшы, архитектор, меценат Сапар Ысқақовтың 80



жас мерейтойына арналған "Атымтай жомарт, жиһангер" атты тұлға тану айдарын ұсынамыз.

АТЫМТАЙ ЖОМАРТ, ЖИҢАНГЕР

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан
Күнжелеңер күрлынеңы, архиптең,
Естена кетпес асыл бейнең Сапар 80 жаста

«Естен кетпес асыл бейнең»




Естен кетпес асыл бейнең

Әдеби кеш

Мариям Жакімжанова

Қазақтың
көрнекті
ақыны,
жерлесіміз,
Қазақстанның



халық жазушысы Мәриям Хакімжанованың туғанына 115 жыл толуына орай абонемент бөлімінің ұйымдастыруымен Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжінің жатақханасында «Естен кетпес асыл бейнең» атты әдеби кеш өткізілді.

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

«Естен кетпес асыл бейнең»

Литературный вечер, посвященный 115-летию со дня рождения видного поэта, писателя-



земляка Мариям Хакимжановой на тему «Естен кетпес асыл бейнең» состоялось в

актовом зале Торгайского гуманитарного колледже им. Н. Кулжановой

Творческая деятельность М. Хакимжановой была отмечена орденами «Знак Почета» и Трудового Красного Знамени, рядом медалей.



Мәриям Хакімжанованың туғанына 115 жыл

В 1986 году ей было присвоено звание «Народный писатель Казахстана».



Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

4 бөлім

Жаңалықтар мен оқиғалар

"2022 жылға берілген Арқалық қаласындағы атаулы күндер күнтізбесі"



Қостанай облысының Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі сіздердің назарларыңызға 2022 жылға берілген Арқалық қаласы және аймағының атаулы күндері және оқиғалар күнтізбегінің кезекті шығарылымын ұсынып отыр. Әдебиеттерді насихаттауда және еліміздегі көрнекті оқиғаларды хабарлауда бұл көрсеткіштің алатын орны ерекше.

Күнтізбенің негізгі мақсаты – өлкеміздің өткені мен бүгіні, тағылымды танымал тұлғалары мен тарихы, мәдениеті, әдебиеті, экономикасы

туралы кітапханадағы бар мағлұматтарды оқырмандарға жеткізу, насихаттау, әңгімелеу.

Күнтізбеде жалпы халықтық маңызы бар оқиғалар мен өлкеміздің тарихындағы, экономикасы мен мәдени өміріндегі айтулы оқиғалар мен атаулы күндері алынған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық, мемлекеттік, кәсіптік және өзге де мерекелі күндері енгізілген.

Күнтізбеге жылдың маңызды оқиғалары: ҚР Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл; ҚР мемлекеттік рәміздерінің бекітілгеніне 30 жыл;

Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінің белгіленгеніне 25 жыл толуы т. б. туралы енгізілген.

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

Бұл атаулы күндер тізбесі жылдың әрбір айы бойынша реттеліп тізіледі және сол жылдың «Айы мен күні белгісіз атаулы күндері» хронологиялық тәртіппен бөлініп берілген. «Туған күні мен айы белгісіз қайраткерлер, мекемелер мен тарихи оқиғалар тізімі» жеке топтастырылған.

Күнтізбеде атаулы күндер «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес ереже бойынша алынды.

Күнтізбе кітапханашылар мен мәдени қызметкерлерге, мұғалімдерге, студенттерге, бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлеріне және өлкеміз туралы ақпарат алғысы келетін барша оқырмандарға арналған.

Арқалық - тарих толқынында

(Арқалық қаласына 65 жыл)



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі сіздердің назарларыңызға Арқалық қаласының құрылғанына 65 жыл толу мерекесіне арналған «Арқалық – тарих толқынында» атты библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынып отыр.

Бұл жинақта тарихи тұлғалар өмірге келген бұрынғы Торғай облысының орталығы болған, бүгінде Қостанай облысына қарасты шағын қалалардың қатарына қосылған арқадағы сайын далада орналасқан Арқалық қаласы жайлы

мәліметтер берілген.

Библиографиялық көрсеткіш «Тарихы терең Арқалық», «Географиялық орналасқан жері», «Арқалық қаласы туралы әдебиеттер мен Арқалық қаласы туралы мерзімді басылымдардағы жарияланымдардың тізімі», «Арқалық қаласында алғашқы ашылған нысандар», «Арқалық қаласындағы білім беру мекемелері», «Мәдениет саласы», «Арқалық қаласының тарихындағы қала басшылары», «Сындарлы сәттен еңсе көтеру», «Өркендеген көркем қала – Арқалық», «Арқалық қаласына – 65 жыл» атты бірнеше бөлімдерден тұрады.

Библиографиялық көрсеткішке баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген.


Әдебиеттер тізімі хронологиялық ретпен орналастырылып, көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген.

Кітапхана ТЫНЫСЫ Шілде-желтоқсан

Құс жолының бір жұлдызы

Ақын, аудармашы
Шәміл Мұхамеджановтың
туғанына 90 жыл

(Жаднама)



Қазқтың тамаша ақыны, Торғай жерінің перзенті, тума талант Шәміл Мұхамеджанов 1931 жылы қазанның 14 жұлдызында Қостанай облысы Жангелдин ауданының оталығы Торғай селосында туған. Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген. 1956 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетін бітірген соң «Жұлдыз» журналында әдеби қызметкер болып қабылданады. Жас талантты ақын ретінде көріне бастаған ол әдебиет қауымы ортасында өзіндік құрметке бөленіп, оның

шығармашылық ізденістері жоғары бағаланады. Ақынның жаңа өлеңдер топтамасы 1959 жылы «Жас қанат» жас ақындар жинағына кіреді. Бұдан кейінгі жылдары ақын қаламынан оннан астам өлең жинақтар, балаларға арналған кітапшалары жарық көрді. Оның өлеңдеріне әдебиет сыншысы М. Қаратаев жоғары баға берді. Ақын 1959 жылы «Жазушы» баспасының поэзия редакциясына редактор болып орналасады. Мұнда ол көп жылдар бойы еңбек етеді. Сонымен қатар ақын аударма саласында зор еңбек етті. Оның аудармасымен М.Лермонтовтың, Я.Райнестің, Л.Украинканың, Т. Шевченконьң, Р.Ғамзатовтың, Я.Смеляковтың және тағы басқа ақындардың шығармалары қазақ оқырмандарының қолына тиді. Алғашқы жыр жинағы «Жоғалған көйлекте» балдәурен балалық шақтың қызықты сәттері арқау

болған. Ақын Шәміл Мұхамеджановтың «Ана құшағы», «Адалдық», «Өмір гүлдері», «Ақ жалын», «Туысқан», «Дәуір дауысы», «Арқа сүйер-тірегім»,

Кітапхана ТЫНЫСЫ Шілде-желтоқсан

«Ақ желең», «Көңілашар», «Күн төбеден ауғанда», «Назқоңыр», «Сөңбес махаббат», «Кіші жер», «Қошалақ», «Жас қанат», «Шабытты шақ» шығармалары ақын жүрегінен төгілген айтар ойын айшықты сөзбен өрнектеген тамылжыта суреттеген шытырман оқиға толы жырлары қазақ поэзиясының сарқылмас қазынасына айналды.

Ш. Мұхамеджановтың тақырып өрісі кең: туған ана, туған жер, қатар- құрбы, сүйген жар тақырыбынан бастап барлық жырларында нағыз жүрек сөзін айтады, өмір көрінісі мен уақыт тынысы үндесіп жатады. Балғын балалық шағы соғыс кезіне тура келген ақын Ұлы Отан соғысындағы және тылдағы халықтың ерліктерін, әрі соған орай бүгінгі бейбіт өміріміздегі адамдардың ерен еңбегін жырлап өтті.

Ақынның 70 жыл толуына орай «Жыр ғұмыр» шығармалар жинағы шықты. Сонымен қатар «Притяжение отчей земли» атты бір томдық өлеңдер жинағы орыс тілінде жарық көрді. Орыс тіліне аударғандар Амантай Азетов пен Лев Халиф. Қысқа ғұмырында ақын Қапан Мусин, Мәкәлім Қойшыбаев, Діңгебай Ботпаев, Әсет Бейсеуов, Ілия Жақанов сынды талантты сазгерлермен тығыз шығармашылық байланыс орнатып «Жар сағынышы», «Кел достар», «Ана арманы», «Еске алу», «Қайындар», секілді сәнді әндерге сөзде жазған. Ақынның жарының естелігіне жүгінсек М. Мақатаев, Ә. Дүйсенбиев, Е. Ибраһим, Ғ. Қайырбеков сияқты қазақтың ақтаңгерлерімен өте тығыз қарым-қатынаста болған. Арыстан жалды алғыр ақын Мұқағалидың өзі «Құрдасымын Шәмілдің» деп мақтанған, замандастары мен інілері «Шам-аға»деп құрметтеген Шәміл Мұхамеджанов өмірде аз жасаса да көп із қалдырған ақындар шоғырынан өз орнын ойып алған сөз зергерлерінің бірі. Ақын шығармашылығына үңілгенде біздің ерекше назарымызға іліккені баржоғы 49-ақ жыл өмір сүріп, артына жиырма шақты жыр жинақ қалдыруы, оның асқан лирик болғандығын растап, эпика жанрына табиғаты жақын болғандығын көрсетеді. Ақын нені жырласа да асқан шабытпен, қырағы байыптылық пен жырлайды. Алған тақырыбының реңін ашып, ойын жеріне жеткізбей тынбайды. Әр өнер иесі өмірде де, шығармашылық істе де өзіндік

ерекшеліктерімен, өзіне тән мінез-құлықтарымен қалады. Шәміл шын мәнінде адалдықтың ақыны еді.

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

Қазына қалдырған қаламгер

**/Журналист, белгілі әдебиетші, этнограф-баспагер, өлкетанушы
Таңатқан Барақұлы Рсаев
туғанына 85 жыл/**

(Жаднама)



Қазақ журналистикасының ардагері, белгілі әдебиетші, этнограф-баспагер, өлкетанушы Таңатқан Барақұлы Рсаев 1936 жылы желтоқсаның 29 жұлдызында Қостанай облысы, Аманкелді ауданы, Ағаштыкөл ауылында дүниеге келген. Жазушы-журналист, аудармашы, энциклопедияшы-ғалым 1954 жылы Аманкелді орта мектебін бітірген соң С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсті. Университет қабырғасында жүрген кезде ол өзінің ұшқыр да терең мақалалары және очерктерімен баспасөз бетінде көріне бастайды. 1959 жылы «Лениншіл

жас» газеті жас талантты журналисті қызметке шақырады. Мұнда Таңатқан Барақұлы 1966 жылға дейін әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарады. Танымал журналист 1966 жылы Қазақ радиосына қазақ тіліндегі бағдарламалардың Бас редакторы қызметіне тағайындалады.

1969 жылдан бастап «Социалистік Қазақстан» газетінде, «Қазақстан әйелдері» журналында жауапты қызметтер атқарады. Ал 1971 жылы Торғай облысының құрылуына байланысты Торғай облыстық партия комитетінің хатшысы Ө. Жәнібековтің шақыруымен облыстық тарихи-өлкетану

мұражайының директорлығына тағайындалады. Ежелгі Торғайдың тарихи шежіресін қалыпқа келтіру және одақтық дәрежедегі мұражайға айналдыруда елеулі еңбек сіңіре білді. 1972 жылы Торғай облысының А. Иманов пен Ә. Жангелдин музейінің алғашқы ұйымдастырушы-директоры болып іргесін

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

1973 жылдан «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясында оның негізін қалаушылардың бірі ретінде ғылыми жағынан қалыптасуына көп еңбек сіңірді, аға ғылыми редактор, редакция меңгерушісі, орталық бастығы,

1-вице-президент қызметтерін атқарды. Рсаев «Қазақ энциклопедиясынан» жарық көрген барлық басылымдарға қатысып, автор болды. Рсаевтың тікелей басшылығымен әзірленіп, баспадан шыққан «Абай энциклопедиясы»

1996 жылы Қазақстан мемлекеттік сыйлығымен марапатталды. Бұл басылымға Рсаев 300 ден астам ғылыми мақала жазды. Көп томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының тұжырымдамасы мен сөзтізбесін әзірлеуге және баспадан шығаруға тікелей басшылық жасады.

«Қазақстан» алғашқы энциклопедиялық сөздігінің (қазақ, орыс, және ағылшын тілдерінде), «Қазақстанның жеті кереметі» анықтамалығының мазмұндық және әдістемелік сыйпатын белгілеп берді, «Тұлғалар» топтамасымен жарық көретін «Қазақ энциклопедиясы кітапханасының» негізін қалады. Қазақстанның жаңа тарихын бейнелейтін энциклопедиялық басылымдарда Таңатқан Рсаевтың қосып жатқан үлесінің қомақты екендігін мақтанышпен айтуға болады.

Журналист - жазушының «Самал» (1977), «Дала дауылпаздары» (2004), «Егіз бұлақ» (2006) очерктер кітаптары, «Жұлдызды жол» (1983), «Үндескен өмір» (1986) деректі повестері, «Сырымды айтам...» (2006) өлеңдер мен әндер жинағы, «Алтын қазық» (2010) әңгімелер мен әдеби мақалалар жинағы жарық көрген. Ол Торғай аймағынан шыққан Тілеулі, Қошқар, Жәуке, Иман т. б. батырлар, Сейдахмет, Файзолла, Нұрхан, Әбілқасым ақындар, Әбдіғапар хан, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин, Кейкі Көкембайұлы, Көшімбек би Балықұлы, Байқадам Қаралдин өмірлеріне, 1916 жылғы Торғай көтерілісі тарихына байланысты деректерді зерделей зерттеп, ғылыми жағынан аса құнды тарихи очерктер жазды. Зерттеуші 2000 ж. Иман батырдың туғанына 220 жыл толуына, 2003 ж. Амангелді Имановтың 130 жылдығына орай

Амангелді кентінде өткізілген ғылыми-теориялық конференцияларда баяндама жасап, ел тарихына байланысты елеулі оқиғаларға айтарлықтай үлес қосты. «А. Имановтың материалдары мен документтері» атты кітаптың арнаулы редакторы болды.

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

Расевтың аудармашы ретіндегі еңбегі де жемісті. «Ежелгі грек мифтері мен аңыздарын», бала тәрбиесіне арналған «Адамгершілік әліппесі» оқулығына енген көркем әңгімелерді, КСРО мемлекеттік сыйлығының иегерлері С. А. Алексеевтің «Отанымыздың тарихы туралы әңгімелерін»,

П. Вежиновтың «Тосқауыл» повесін, «Поляк новеллаларын», «Өнердің ықшам тарихының» 3-томын, Н. Горбачевтің «Ақсу» романының 3-кітабын, т.б. шетел жазушыларының шығармаларын, 4-томдық «Көркемсуретті Қазақстан тарихын», «Әлемдік саясаттану антологиясының» 6-томына әлеуметтану ғылымының классиктері М. Вербер, И. Ильин, А. Грамши,

М. Дюверже еңбектерін, Гомер, Әбу Насыр Әл-Фараи, Саиф Сараидың,

К. Маркстың жекелеген өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Ол

Б. Никольскийдің, А. Кононовтың, Е. Мардың, Г. Кржижановскийдің, көрнекті совет жазушылары С. Баруздин, В. Аксенов, В. Солоухин,

А. Ананьев шығармаларын қазақ оқырмандарына ұсынды. Сонымен қатар, монғол Дамдинсуреннің, түрік Ә. Несиннің, болгар П. Вежиновтың, түрік

О. Кемалдың, поляк Я. Ивашкевичтің повесть, әңгімелерін аударды.

Таңатқанның ұзақ жылдар бойы ерінбей жинап-терген сүбелі еңбегі – 2007 жылы баспадан шыққан «Сөз мәйегі» кітабында қазақ халқының он екі мыңнан астам мақал-мәтелі жинақталған.

Таңатқан Рсаев – ән жазушы композитор, «Ақерке», «Астана вальсі» әндерін Қазақстанның халық артисі Н. Нүсіпжанов, «Әппак құсым, қайдасың сен?», «Сәмирам – сәнім», «Серінің әні», «Дала жыры» туындыларын әнші Ж. Күжиманов күй таспаға жаздырған. Бірқатар әндері нотасымен «Сырымды айтым...» жинағында, «Балдырған» журналында, «Қазақ батырлары» газетінде жарияланды.

Рсаевтың артында мол мұра қалды. «Қазақ энциклопедиясының» негізін қалаушылардың бірі ретінде сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Елге сіңірген еңбегі еленіп, 1989 жылы КСРО Баспасөзінің үздігі. 2004 жылы ҚР Баспасөз және полиграфия ісінің еңбек сіңірген қайраткері атанды. 2007 жылы ҚР-ның мәдениет қайраткері, 2008 жылы «Құрмет» орденімен, бірнеше медаль,

Құрмет грамоталарымен марапатталған. Абай Құнанбаевтың 150 жылдық

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

мерекесі қарсаңында Қазақстан Мәдениет министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министірлігі мен Журналистер одағы жариялаған бәйгеде үздік шығып, Қазақстан Журналистер одағының Абай сыйлығының иегері атанды.

Торғайдың дария білімді дана қарттарының ізін басып, бүгінде Таңатқан Барақұлы өлкеміздің кешегісі мен бүгінгісі, даңқты ұл-қыздары, тарихи жер атаулары туралы мол мағлұмат жинады, «Торғай елі» энциклопедиясының Бас редакциясын басқара отырып, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан осынау қымбат жәдігерлерді халқымыздың және Торғай жұртшылығының игілігіне ұсынды.

2021 жылдың 15 маусымы күні журналист-жазушы, аудармашы, энциклопедияшы-ғалым, Қостанай облысы, Аманкелді ауданының құрметті азаматы Рсаев Таңатқан Барақұлы дүниеден озды. Ғиззат ғұмырын қазақ әдебиетінің, баспасөзінің дамуына арнаған алтын қазығымыздың ерен еңбегін жадымызда сақтап, кейінгі жас ұрпаққа үлгі-өнегі етіп қалдыру – біздің басты мақсатымыз.

Даланың дара ұстазы

/Ағартушы-педагог, этнограф

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл/

Био-библиографиялық көрсеткіш



«Арқалық қаласындағы облыстық №2
«Әмбебап ғылыми кітапханасы» ЖММ
Әдістеме-библиография бөлімі

Даланың дара ұстазы



*/Ағартушы-педагог, этнограф
Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл/*
Био-библиографиялық көрсеткіш

Арқалық 2021

... Қазақтың ғалым педагог-ағартушыларының ірі өкілдерінің бірі, қазақ даласында алғаш болып, білім қоңырауын соққан ағартушы-педагог, балалар әдебиетінің атасы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері, тіл тазалығы үшін күрескен Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына арнап Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі «Даланың дара ұстазы» атты био-библиографиялық көрсеткішті

оқырмандар назарына ұсынып отыр. Био-биографиялық көрсеткішті шығарудағы мақсат: ағартушы-педагог Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығын өскелең ұрпаққа дәріптеп, насихаттау. Бұл әдістемелік құралда Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы, «Кел, балалар оқылық!» деп жар салудан тыңбаған, сол арқылы қазақ балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден-бір тұлға екендігі, Торғай даласында ашқан мектептері мен еңбек жолы туралы баяндалады. Био-библиографиялық көрсеткіш «Сөнбес шырақ», «Ыбырай тағылымы», «Ы. Алтынсариннің шығармалары мен ол туралы жазылған жарияланымдардың тізімі», «Ыбырай жаққан шырақтар», «Ыбырай мұрасы - таусылмас бұлақ», «Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша анықтама» атты бірнеше бөлімдерден тұрады. Басылымға ағартушы-педагогтың өмірі

мен ағартушылық қызметі, шығармалары мен ол туралы мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының тізімі, эпистолярлық мұралары жайлы мәліметтер берілген. Әдебиеттер тізімі хронологиялық ретпен орналастырылып, көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген.

Био-библиографиялық көрсеткіш барша оқырман қауымға арналған.

Кітапхана ТЫНЫСЫ Шілде-желтоқсан

Торғай түлегі – жыр қыраны

(ақын, журналист, аудармашы, драматург

Серік Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған) Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы ақын, журналист, аудармашы, драматург, жерлесіміз

Серік Сәрсенұлы Тұрғынбековтың 75 жасқа толуына арналған библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды.

Библиографиялық көрсеткішке ақынның өмір жолы мен шығармашылығы жайындағы

мағлұматтар берілген.

Көрсеткішке 1972 жылдан бастап 2020 жылдың желтоқсан аралығында баспасөзде жарияланған ақынның өлеңдері, мақалалары мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген, интернет-материалдардың ресурстары пайдаланылған. Әдебиеттер бөлімдер бойынша жүйеге келтірілген, бөлім ішіндегі материалдар хронологиялық ретпен орналастырылған.

Бөлімдер Серік Тұрғынбековтың жыр жолдарының, мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы

кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Басылымда материалдар қазақ тілінде берілген.

Библиографиялық көрсеткіш мәдениет қызметкерлеріне, әдебиетшілерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырманға арналған.

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

Мамандығым мақтанышым

/Анықтамалық басылым/



Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Әдістеме-библиография бөлімі



Анықтамалық басылым

Арқалық 2021

Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлғанының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің киелі ордасы.

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі, қоғамның мәдени күштерін дамытудың қуатты құралы, қайнар бұлағы.

Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан-тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз. Қасиетті қазынамызды көздің қарашығындай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылар – ең қажет, абыройлы мамандық иелері.

Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасына 50 жыл толуына орай, кітапхананың әдістеме-библиография бөлімі «Кітапханашы – өзіндік тұлға» тақырыбында анықтамалық басылым құрастырып шығарды. Бұл анықтамалық басылымда кітапхана саласында көп


жылдар бойы еңбек етіп жүрген кітапханашылардың өмірбаяндары, марапаттары, атқарған қызметтері, мерзімді басылымдарға шыққан мақалалар тізімі енгізілді.

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

ҰЛТЫН ҰЛЫҚТАҒАН АЗАМАТ

(мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты **Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 90 жыл**)

Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімі мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф, тарих ғылымдарының кандидаты **Өзбекәлі Жәнібековтің 90 жыл мерейтойына** орай «Ұлтын ұлықтаған азамат» атты библиографиялық көрсеткішін әзірлеп оқырман назарына ұсынды.

Библиографиялық көрсеткішке **Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен қызметі** жайындағы мағлұматтар берілген.

Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген.

Бөлімдер **Ө. Жәнібековтің мерзімді басылым бетіндегі жарияланымдарының, оның өмірі мен шығармашылығы жайындағы кітаптары мен мақалаларының, сондай-ақ әңгімелері мен сұхбаттарының тізімінен тұрады. Әдебиеттер тізімі әліпбилік ретпен орналастырылған.**

Библиографиялық көрсеткішке 1973 жылдан бастап 2021 жылдың қаңтары аралығында баспасөзде жарияланған мақалалар мен кітапхана қорында бар материалдар енгізілген.

Кітапхана тынысы

Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген.

Басылым көпшілік оқырман қауымға арналған.

Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Құрмет грамотасымен марапатталды



Кітапхана ісінің үздігі Әубәкірова Әлия Қарсақбайқызы осы кітапхана саласында атқарған еңбегі үшін, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың Құрмет грамотасымен марапатталды. Әлия Қарсақбайқызына шығармашылық табыс тілей отырып, мараптымен құттықтаймыз!



Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

Арқалық қаласының әкімінің Құрмет грамматасымен марапатталды



Кітапхана басшысы Бормбаева Қазына Байсабекқызы кітапхана саласында атқарған жемісті еңбегі үшін, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерей тойына орай Арқалық қаласының әкімінің Құрмет грамматасымен марапатталды. Қазығна Байсабекқызына шығармашылыққа табыс тілей отырып, марапатымен құттықтаймыз!



Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан

Арқалық қаласының әкімінің Құрмет грамматасымен марапатталды

1 желтоқсан – ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай, Арқалық қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен кітапхана қызметкерлері Полозюк Алла Степановна, Алматова Сәуле Ахметқызы марапатталды. Өріптестерімізді марапаттарымен құттықтаймыз!






КІТАПХАНА ТЫНЫСЫ

«Қоғамдағы кітап пен оқу мәдениетін қалыптастырудағы балалар кітапханасының рөлі» атты аймақтық онлайн зерделі кеңес

/Аймақтық онлайн зерделі кеңес/




Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен 28 қараша күні «2021 жыл – Қазақстан балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» аясында «Қоғамдағы кітап пен оқу мәдениетін қалыптастырудағы балалар кітапханасының рөлі» атты аймақтық онлайн зерделі кеңес өткізілді. Бұл кеңеске № 2 ОӘФК қызметкерлері, Аманкелді, Жангелдин, Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері қатысты.

Зерделі кеңестің мақсаты: Балалар мен жасөспірімдердің арасында кітап оқу мәдениеті мен кітап оқу белсенділігін арттыру, кітап оқу мәртебесін көтеру және отбасылық кітап оқудың дәстүрлерін қолдау, сапалы білім беру, отансүйгіштік ұрпақ тәрбиелеу, ойы озық оқырман қалыптастыру.

Зерделі кеңесте кітапхана басшысы Борибоева Қазына Байсабекқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кеңес барысында № 2 ОӘФК-нің



балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы Алматыва Сәуле Ахметқызы «Балалар әдебиеті – ұлт болашағы», Жангелдин ОКЖ-нің балалар кітапханасының кітапханашысы Омарова Сәуле Жақсыбайқызы «Балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқуды дамыту басты міндет»,

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан



№ 2 ОӘҒК-нің балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы Ермағамбетова Марал Әскербекқызы «Көркем әдебиет арқылы балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу», № 2 ОӘҒК-нің балалар әдебиеті бөлімінің меңгерушісі Есмағанбетова Сандуғаш

Қазыбекқызы «Қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы Ы. Алтынсарин шығармаларының тәриелік мәні», Аманкелді ОКЖ-нің балалар кітапханасының кітапханашысы Ақдаулетова Шынар «Кітап әлемі: балалаықтан даналыққа»



тақырыптарында баяндамалар оқылды, зерделі кеңесте кітапханашылар өз іс-тәжірибелерімен алмасты.




Кітапхана тынысы

Шілде-желтоқсан

«Заманауи кітапхананың жаңа келбеті»


/Аймақтық онлайн зерделі кеңес



Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме-библиография бөлімінің ұйымдастыруымен 23 желтоқсан күні «Заманауи кітапхананың жаңа келбеті» атты аймақтық онлайн зерделі кеңес өткізілді. Бұл кеңеске № 2 ОӘФК қызметкерлері, Аманкелді, Жангелдин, Арқалық қаласындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің қызметкерлері қатысты.


Зерделі кеңестің мақсаты: кітапханалардың қызметіндегі инновациялық үрдістерді анықтау, қызметшілердің кәсіби біліктілігін жетілдіру, тәжірибе алмасу.

Зерделі кеңесте кітапхана басшысы







Борибаева Қазына Байсабекқызы сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кеңес барысында № 2 ОӘФК-нің басшысы Борибаева Қазына Байсабекқызы «Оқитын ұлт» республикалық жоба, әдістеме – библиография бөлімінің меңгерушісі Ахметжанова Асем Қабдуалиқызы «Заманауи оқу кітапханасы: қызметін желтіру және даму беталысы», әдебиеттерді өңдеу және толықтыру секторының меңгерушісі Торғаева Асел Тұяққызы «Кітапхана қорын

Кітапхана тынысы Шілде-желтоқсан



Жангелдин ОКЖ кітапхана әдіскері Абдрахманова Гализа Жәкішқызы «Коворкинг – рухани жаңғыру тетігі» бейнеролик, оқу залы бөлімінің кітапханашысы Шагирова Асел Бейбітқызы «Кітап оқуды дамытудың заманауи әдістері», абонемент бөлімінің кітапханашысы Карбозова Гулбану Кенжеғалиқызы «Қазіргі заман жастарын тәрбиелеудегі кітапхананың рөлі», әдістеме – библиография бөлімінің библиографы Көшкінбай Сымбат Мұратқызы «Кітапханадағы білім орталығы заманауи кітапхананың жаңа келбеті», балалар әдебиеті бөлімінің кітапханашысы Абжанова Жұлдыз Қасымбекқызы «Заманауи білім тәрбие арқауындағы балалар әдебиеті», тақырыптарында баяндамалар оқылды, зерделі кеңесте кітапханашылар өз іс-тәжірибелерімен алмасты.





Кітапхана тынысы Ш

5 бөлім болашаққа жоспар

Оқу залы бөлімі

«Тіл баға жетпес мұра» тіл туралы сайыс

«Әйел отбасында шуақ , қоғамда тірек» эвидж – студия іскер әйелдермен кездесу кеш.

«Ата салтым асыл мұрам, ардағым» этно-танымдық кеш.

Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына орай «Дәуірдің жарық жұлдызы» партреттік кеш.

КММ Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы

Құрастырушы: Көшкінбай С.М.

Редактор: Ахметжанова А.Қ.

Басылымға жауапты: Бормбаева Қ.Б.

Компьютерлік терілім: Көшкінбай С.М.

Біздің мекен – жайымыз: Арқалық қаласы, Абай көшесі, 62

Телефон: 8 (71430) 7 - 09 -16

Эл.почта: arkounb@mail.ru

Библиодайджестің шығуы

Жылына екі рет

Таралымы: 3

Көлемі: 0,3

